

Респубикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің "Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу жөніндегі орталық" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорнын қайта ұйымдастыру және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 19 желтоқсандағы № 935 қаулысы "Мемлекеттік мұлік туралы" 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 4) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Респубикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің "Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу жөніндегі орталық" шаруашылық жүргізу құқығындағы респубикалық мемлекеттік кәсіпорны жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын "Зерттеулер, талдау және тиімділікті бағалау орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – серіктестік) етіп қайта құру жолымен қайта ұйымдастырылсын.

2. Серіктестік қызметінің негізгі түрлери:

1) орталық мемлекеттік және облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқаруши органдары қызметінің тиімділігін бағалауды ұйымдастырушылық, сараптамалық-талдамалық, әдіснамалық сүйемелдеу және оған қатысу;

Ескеरту. 1) тармақша 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі – осы қаулының 5-тармағымен.

2) бизнесті жүргізу жеңілдігі бойынша өңірлер мен қалалар рейтингін қалыптастыру және оны ұйымдастырушылық, әдіснамалық сүйемелдеу;

Ескерту. 2) тармақша 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі – осы қаулының 5-тармағымен.

3) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау, экономика, қаржы, мемлекеттік басқару саласындағы ғылыми, талдамалық және өзге де зерттеулер жүргізу, консультациялық (консалтингтік) қызметтерді көрсету;

4) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау, экономика, қаржы, мемлекеттік басқару саласында ақпараттық-талдамалық және сарапшылық қызметтер көрсету;

5) мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау кадрларын даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру, сондай-ақ экономика, қаржы, мемлекеттік басқару саласында оқыту курстарын өткізу;

6) мемлекеттік аудитор біліктілігін иеленуге үміткер адамдардың білімін растау болып айқындалсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мұлік және жекешелендіру комитеті Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетімен (келісу бойынша) бірлесіп Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) серіктестік жарғысын бекітуді және оның "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамында мемлекеттік тіркелуін;

2) серіктестіктің мемлекеттік қатысу үлесін иелену және пайдалану құқықтарын Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне беруді;

3) осы қаулыдан туындастырылғанда де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

4. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

5. Осы қаулының 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларын қоспағанда, осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министри

A. Мамин

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2019 жылғы 19 желтоқсандағы
№ 935 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және үйымдарға қатысадын мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі № 405 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1999 ж., № 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген акциялардың мемлекеттік пакеттері мен қатысу үлестері республикалық меншіктегі қалатын акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Нұр-Сұлтан қ." деген бөлім:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 107-11-жолмен толықтырылсын:

"107-11. "Зерттеулер, талдау және тиімділікті бағалау орталығы" ЖШС".

2. "Республикалық меншіктегі үйымдар акциялардың мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы № 659 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесі:

мынадай мазмұндағы бөліммен толықтырылсын:

"Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне:

406. "Зерттеулер, талдау және тиімділікті бағалау орталығы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі".

3. "Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2014 ж., № 59-60, 555-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ережеде:

16-тармақта:

97), 98), 98-1), 99) және 339-67) тармақшалар алып тасталсын.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК